

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 159 (9221) | 1953 жылғы 8 август Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

## Ұлттар Советінің 1953 жылғы 6 августағы мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

6 августа, таңертеңгі сағат 11-де, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Ұлттар Советінің екінші мәжлісі болды.

Председательдік етуші — Ұлттар Советінің Председателі депутат Ж. Шаяхметов.

Ұлттар Советі Ұлттар Советінің Бюджет комиссиясының председателі депутат И. С. Хохловтың қосымша баяндамасын тыңдады.

Бюджет комиссиясының қосымша баяндамасынан кейін ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және ССРО-ның 1951 жылға және 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөз басталды.

## Одақ Советінің 1953 жылғы 6 августағы мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

6 августа, кешкі сағат 6-да, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Одақ Советінің екінші мәжлісі болды.

Председательдік етуші — Одақ Советінің Председателі депутат М. А. Яснов.

Одақ Советі Одақ Советінің Бюджет комиссиясының председателі депутат Л. Р. Корниецтің қосымша баяндамасын тыңдады.

Бюджет комиссиясының қосымша баяндамасынан кейін ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және ССРО-ның 1951 жылға және 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөз басталды.

## Егін жыйнау мен астық дайындау науқанына партия басшылығы жақсартылсын

Партияның XIX съезі социалистік ауыл шаруашылығының алдына мал шаруашылығымен бірге егін шаруашылығын да мықтап өркендету міндетін қойды. Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен МТС және совхоздары съездің қарарларымен жігерленіп, бұл аса жауапты міндетті жүзеге асыру күресінде былай айтарлықтай жұмыс істеді. Олар егіннен мол өнім алу үшін практикалық жұмысқа агробиологиялық ғылымның жетістіктері мен озат тәжірибені кеңінен енгізе білді және бұл жұмысқа техника қуатын толық пайдаланды. Осының нәтижесінде бітік егін өсірді. Кәзір олар егін жыйнау мен астық дайындау науқанына

уашылығы және дайындау бөлімдерінің басшылары білмейді деген болмайды. Алайда, олар егін жыйнау мен астық дайындау науқанына қаржы тугызу жөнінде колхоздарға, МТС-терге, совхоздарға нақтылы басшылық ете алмай келеді. Атап айтқанда, олар бұл жұмыста орын алған кемшіліктерге төзіп отыр. Егін әлі жас деген желеумен жұмысты бөгеп отырғандарға қарсы батыл шара қолданбай, өздері жайбарақаттыққа салынумен жүр.

«Егін жыйнау — маусымды іс және бұл іс кешіктіруді көтермейді, — деп ұйретті бізді ұлы көсеміміз И. В. Сталин жолдас. — Егінді мерзімінде жыйнау

дәйірлену, бұл жұмыстарға барлық колхозшыларды жұмылдыру болып табылады.

Егін жыйнау мен астық дайындау — өте жауапты жұмыс. Бұл жұмысқа партия басшылығын мейлінше жақсарту керек. Бастауыш партия ұйымдары егіншілер арасындағы үгіт-бұқаралық, саяси-тәрбие жұмыстарын бұрынғыдан да күшейтуге тиіс. Егіншілердің социалистік жарысын ұйымдастырып, оның орындалуын үздіксіз бақылап отырулары керек. Ал, коммунистер мен комсомолецтер егін жыйнау мен астық дайындауда өздері алдыңғы қатарда болып, еңбек үлгісін көрсету

және бұл жұмыстарға барлық колхозшыларды жұмылдыру болып табылады.

Партияның XIX съезі халық ағарту органдары мен мұғалімдер алдына зор міндеттер қойды. Партия және совет ұйымдарының күнбе күнгі көмегіне сүйене отырып, халық ағарту майданының барлық қызметкерлері бұл міндеттерді орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуге тиіс.

## Республикада халық ағарту ісінің жайы және оны партияның XIX съезінің директивалары негізінде жақсарту шаралары туралы

Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Ж. ШАЯХМЕТОВ жолдастың Қазақстан мұғалімдерінің съезінде жасаған баяндамасы

Жолдастар!  
Республика мұғалімдері съезінің жұмысы партиямыз бен бүкіл совет халқының өміріндегі аса ірі оқиғамен ұштасты.

Будан 50 жыл бұрын, 1903 жылғы 30 июльде, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезі ашылды. Бұл съезде жаңа турпатты пролетарлық маркстік партияның негізі қаланды, бұл партия халқымызды Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісіне жеткізді, пролетариат диктатурасын ұйымдастырды және социалистік қоғам орнатуды қамтамасыз етті.

Коммунистік партия коммунизм ісі үшін күрестің жарты ғасырлық даңқты жолын өтіп, аса бай тәжірибеге ие болды, мұндай тәжірибе бірде-бір партияда болып көрген емес. Ол жұмысшы табы мен көп миллиондаған еңбекші бұқараның түбірлі мүдделерін жүзеге асыру жолындағы күресте олардың көсемі, ұстазы және басшысы болудың бүкіл дүниежүзілік тарихи ролін аброймен орындап, келді және орындауда. Ол өзінің қоғамның қуатты, өзгертуші күші екендігін көрсетті.

Партияның басшылығымен еліміздің халықтары бірінші дәрежелі индустрия, ірі социалистік ауыл шаруашылығын құрды, жаңа социалистік қоғам орнатты. Лениндік-сталиндік ұлт саясатына сүйене отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясы Россияның халықтарын көп ғасырлық әлеуметтік және ұлттық езушіліктен құтқарды, бұрын қаналып келген халықтардың экономикалық және мәдени жағынан артқа қалуын жойды, Отанмыздың барлық ұлттарын ССРО халықтарының біртұтас туысқандық семьясына топтастырды.

Коммунистік партияның XIX съезі партияның мығымас құрылтайы беріктігі мен тығыз топтасқандығының, партия мен халықтың барына тығыз бірлігінің, пар-

миллиард сомнан аса қаржы жұмсалды.  
Республикада социалистік өнеркәсіп пен алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы құрылды, қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті гүлденді.

Егер Ұлы Октябрь социалистік революциясы, Коммунистік партияның басшылығы, ұлы орыс халқының үздіксіз адал көмегі болмаса, Қазақстан Иранның немесе отарлы Шығыстағы басқа елдердің халіне түскен болар еді.

Мұғалім кадрларын даярлауда едәуір табыстарға қол жетті. Кәзір республиканың мұғалімдер армиясының қатарында 60 мыңға жуық адам бар. Өткен бес жылдың ішінде педагогтік жұмыспен шұғылданып жүрген әйелдердің саны 32.600 адамнан асты, олардың ішінде 22 проценті қазақ әйелдері. Соңғы жылдардың ішінде жоғары дәрежелі білімі бар мұғалімдердің саны үш еседен артты, ал мұғалімдік институттарды бітіргендердің саны — екі еседен артық көбейді.

Маркстік-лениндік теорияны творчестволықпен меңгере отырып, өздерінің педагогтік шеберлігін талмай арттыра отырып, мұғалімдер мектеп оқытушылары оқытуда және оларға коммунистік тәрбие беруде белгілі табыстарға жетті. Оқушылардың идеялық тәрбиесін жақсартуда БК(б)П Орталық Комитетінің идеология мәселелері жөніндегі тарихи қаулылары, СОКП XIX съезінің қарарлары, сол сияқты Қазақстан КП Орталық Комитетінің V және VIII Пленумдарының қаулылары ерекше роль атқарды.

Оқу-тәрбие жұмысын онан әрі жақсарту ісінде совет ғылымының аса маңызды салалары жөнінде соңғы жылдарда өткізілген дискуссиялардың мұғалімдерге көмегі зор болды.

Елімізде коммунизм орнату жұмысы аса қиын халықаралық жағдайда, екі ла-

өсірудің негізі ретіндегі маңызын арқашан да атап көрсетіп отырды. Бастауыш мектеп балаларға білім негіздерін, сауаттылық негіздерін береді. Бұларды меңгермейінше қоғам мүшесінің саяси және мәдени жағынан өсуі мүмкін емес.

Қуанышпен мынаны атап айтуға болады: бастауыш мектеп өз міндетін жылдан жылға жақсы атқарып келеді. Бастауыш мектепті бітірген оқушылардың негізгі көпшілігі бесінші кластарда жақсы оқып жүр.

Оқу министрлігі бастауыш мектептердің, әсіресе, алыс жерлердегі қазақ мектептерінің жұмыс сапасын жақсарту мақсатымен, оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға бағытталған бірқатар шараларды жүргізуде. Мектептің ішіндегі методикалық жұмыстар және қуатты методикалық бірлестіктердің жұмыстары кеңінен өрістетілуде. Бастауыш қазақ мектептерінің мұғалімдері үшін семинарлар мен практикумдар ұйымдастырылуда. Бастауыш мектептерге нұсқау беріп отыру біраз жақсарды.

Алайда Оқу министрлігі және халық ағарту бөлімдері оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға бағытталған бұл шараларды жүргізе отырып, республиканың барлық мектептерін толық қамтып алған жоқ. Бастауыш мектептер таяудағы жеті жылдық немесе орта мектептерге бекітілгенімен, олардың көрсетіп отырған көмектері әлі оншалық зор емес. Оқу жылының ішінде жеті жылдық және орта мектептердің мұғалімдері бастауыш кластардың мұғалімдерінің сабағына қатысатын болсын, оларға нақтылы методикалық көмек көрсетіп, олармен бірге оқу-тәрбие жұмысының жайы туралы мәселелерді талқылап отыратын болсын.

Бастауыш қазақ мектептерінің жұмысына бақылау жасау ісіндегі болып отырған кемшіліктерді жойып, олардың оқу-тәрбие жұмысын түбірмен жақсарту жа-

қызу кірісін отыр.

Петропавл ауданының Сталин атындағы колхозында жұмыс істейтін комбайншы Адам, Кониюхов ауданының «Пролетарское знамя» колхозындағы комбайншылар Гейн, Борсуков, Розин жолдастар мен Совет астық совхозының комбайншылары Гайворонский, Омаров, Меньшиков жолдастар үстіміздегі жылы егін жыйнауға жақсы дайындықпен, мезгілінде кірісті. Бұлар комбайндарын жұмысқа толық қуатымен қосып, егіннің әрі тез, әрі ысырапсыз жыйналуын қамтамасыз етіп келеді. Демек, бұлар егін жыйнаудың және астық бастырудың алғашқы күндерінен еменалық тапсырмаларын асыра орындап жүр. Ал, мұның өзі колхоздар мен совхоздың жаңа егіннің астығын мемлекет қоймаларына тоқтаусыз, көптен көнетугеріне қолайлы жағдай жасауда.

Дегенмен, істің жайы барлық жерде бірдей емес. Көп жерлерде егіннің жаппай пісіп тұрғанына қарамастан, оны жыйнау жұмысы басталмай отыр. Мұндай тезгісіз жағдай Ленин, Преснов аудандарының колхоздарынан кездеседі. Мәселен, Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозының (председателі Үмітбаев жолдас), Преснов ауданындағы Калинин атындағы колхоздың (председателі Құсайынов жолдас) басшылары әлі күнге дейін «егін жас, орауға келмейді» деген зиянды пікірдің шырмауынан шыға алмай жүр. Олар осының салдарынан егін жыйнау мен астық дайындау науқанына әзірлікті де өте баяу жүргізді, сөйтіп, егін жыйнауға кеш кірісті. Мұның үстіне кезіргі уақыттың өзінде егін жыйнауға ойдағыдай қарқын туғыза алмай отыр.

Әрине, бұл жағдайды ККП Ленин, Преснов аудандық комитеттерінің, аудандық Совет аткомдерінің, аудандық ауыл шар-

саң—ұтқаның, егін жыйнауға кешік—сең —ұтылғаның».

Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары, бүкіл егіншілер көземіміз Н. В. Сталин жолдастың бұл даһшанандық нұсқауын арқашан есте мықтап сақтап, оны іс жүзінде мүлтіксіз орындап отыруға міндетті. Сондықтан кезір егін жыйнау мен астық дайындау науқанына шұғыл қарқын туғызып, егін жыйнау маусымында ұтылмау, егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алу үшін күрестің барлық шараларын қолдану керек.

Егін жыйнауға, астық бастыруға және бастырылған астықты мемлекет қоймаларына тасып, талсыруда техника күшінің алатын орны өте зор. Бұл жұмыстар, әсіресе, МТС, совхоз және транспорт орындарының басшыларынан егін жыйнаудың қуатты машиналарын —комбайндардың, тракторлардың, автомашиналардың, сондай-ақ басқа да күрделі машиналардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді талап етеді. Ал, комбайн агрегаттарының, транспорт бригадаларының өздеріне жүктелген міндеттерді мүлтіксіз орындап отыруы —олардың маман кадрлармен толықтырылуына, жағар, жанар майларымен және басқа да қажеттермен жабдықталуына, керек болып қалған жағдайда көшпелі мастерскойлардың кезінде көмек көрсетіп отыруларына байланысты. Мұны аталған орындардың басшылары әрдайым ескеріп, бұл шарттардың толық орындалуын қадағалап, біліп отырулары керек.

Колхоз басшылары тек комбайн қуатына ғана сеніп, қолда бар егін жыйнайтын басқа машиналарды жұмысқа қоспай қояға тиіс емес. Олардың міндеті — егін жыйнау мен астық бастыруға комбайндармен қатар жай машиналарды да өнім-

мен өнімдерін өндіріс қосымшаларында, совхоз жұмысшыларын өнімді еңбек етуге жұмылдырып, ұйымдастырушылық роль атқаруға міндетті.

Облыста егін жыйнау және астық дайындау жұмысына ерекше көңіл бөліп, оған нақтылы басшылық етіп келе жатқан бастауыш партия ұйымдары жоқ емес. Булаев ауданындағы Ленин атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымының есебінде 27 коммунист бар. Олардың барлығы егін жыйнау жұмыстарының жазуашты участоктерінде істейді, егіншілер арасында ұйымдастырушылық, авангардтық роль атқарады, үгіт-бақаралық жұмысын жүргізеді, егін жыйнауға дағды олат колхозшылар мен механизаторлардың іс тәжірибелерін насихаттайды. Бастауыш партия ұйымының секретары Қанафин жолдастың өзі бұл жұмыстарды басқарып, ұйымдастырып отырады. Сондықтан бұл колхозда егін жыйнау жұмысы ойдағыдай жүргізіліп келеді. Бірақ, облыстың көптеген бастауыш партия ұйымдары жұмысты бұлай істеп отырған жоқ. Мұның өзі аудандық партия комитеттерінің бастауыш партия ұйымдарына басшылығын жақсартуды керек етеді.

Егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ұйымдасқан түрде өткізу —социалистік ауыл шаруашылығындағы зор табыс. Бұл жұмысты үлгілі орындау облыс егіншілері үшін үлкен сын. Сондықтан бұл сыннан мүдірмей өту —әрбір егіншінің ардақты борышы. Егін жыйнау мен астық дайындауда жаңа табыстарға жете беру үшін бұл жұмысқа партия басшылығын жақсарту берейік. Сөйтіп, егін жыйнау мен астық дайындауды үлгілі өткізу жөнінде ақмоалықтардың шақыруына іспен жауап берейік!

## Қарағанды көміршілерінің еңбектегі табысы

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағанды бассейнінің көміршілері кеншілердің дәстүрлі мерекесі —шахтер Күнін лайықты табыстармен қарсы алу үшін зор өрлеу жағдайында жарысып отыр. «Қарағандауголь» комбинаты отын шығарудың жеті айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Уралдың металлургия өнеркәсібіне, еліміздің халық шаруашылығына жүздеген эшелон кокстелетін және қуат беретін көмір тапсырмаға қосымша жөнелтілді.

Екінші тоқсандағы жұмыс қорытындыларына сай «Қарағандауголь» комбинатына, сондай-ақ «Ленинуголь» тресіне КВОС пен көмір өнеркәсіп министрлігінің ауыспалы Қызыл тулары және Бүкілодақтық бірінші дәрежелі сыйлықтар берілді. Мереке қарсаңындағы жарыстың инициаторлары «Сталинуголь» тресінің 18 шахтасының кеншілері КВОС пен министрліктің туын өздерінде сақтап қалды. Бассейндегі аса байырғы № 1 шахтаның коллективі қатарынан төртінші рет озып шығып отыр. № 31, 55, сондай-ақ № 1—2 ашық шахталардың көмірді комплексті меха-

никаландырып, циклмен шабушы коллективтеріне Бүкілодақтық екінші дәрежелі сыйлықтар берілді.

ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде «Қарағандауголь» комбинатының басшысы П. П. Иноземцов мынаны айтты: —Ворошиловградтың кеншілерімен творчестволық жарыста Бүкілодақтық үшінші көмір ошағының шахтерлері СОКП XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары бойынша көмір өнеркәсібін өркендетуді толығынан іске асыру үшін табандылықпен күресуде. Бассейнде көмірді механикалық жолмен құлату дәрежесі кезір жалпы өнімнің 60 процентінен асады.

Біздің механизаторларымыз тамаша кен техникасын жете меңгере отырып, «Донбасс» комбайншының жұмыс өнімділігін өткен жылғымен салыстырғанда 24 процент арттырды. Жалпы алғанда бассейнде комбайнмен көмір шығару кезір белгіленген нормадағыдан едәуір артық болып отыр.

№ 31 шахтаның алтыншы участогінің комбайншылары Федор Бушинский мен Иван Балабаев аса зор табысқа жетті.

170 метрлік лавадан көмірді сағаттық график бойынша шығаруды ұйымдастырып, олар июльде жетілдірілген комбайнмен 27.500 тонна көмір шығарды. Жер астындағы көмір шығаратын агрегаттың жұмыс өнімділігі жөнінде жаңа рекорд жасады. № 18 шахтаның коммунист Жакең Урістемов басқаратын участогінің механизаторлары Егоров системалы көмір шабу машинасымен 23 мыңнан аса тонна отын шығарды.

Цикл алу графикі көмір шығару қарқынын арттырудың негізгі заңына айналады. Жданов атындағы, № 19, 31, 106 және 55 шахталар жаппай цикл алатын кәсіпорындар болып алды. Бұл кәсіпорындардың коллективтері өздерінің жоспардан тыс отын жөнелту жөніндегі жылдық міндеттемелерін екі есе асыра орындады.

Бассейн шахталарының көбінің рентабелді жұмыс істеуі «Қарағандауголь» комбинаты бойынша бірінші жарты жылдықта жоспардан тыс табыстың жалпы сомасын 30 миллион сомға дейін жеткізуге мүмкіндік берді.

тының еліміздің халықтарын коммунизмнің толық жеңісіне жеткізуге мүлтіксіз бел байлағандығының жаңа айқын дәлелі болды.

Совет халқының әл-ауқат және мәдени дәрежесін арттыра беруге талмай қамқорлық жасай отырып, Коммунистік партия мен Совет үкметі халық ағарту ісін дамытуға зор маңыз береді. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Қазақстанда шын мәнісінде мәдениет революциясы жүзеге асырылды, мұны қазақ халқы ғасырлар бойы арман етіп келген еді. Қазақстанда мектептердің көбеюі лениндік-сталиндік ұлт саясатының салтанат құрғандығының айқын бейнесі болып табылады. 1952—53 оқу жылында республикада 8.537 мектеп, 26 жоғары оқу орыны, 114 техникум жұмыс істейді, оларда 1.242.827 балалар, жігіттер және қыздар оқыды. Соңғы бес жылдың ішінде ғана Қазақстанда халық ағарту ісіне бес

## I. Жетіжылдық білімнен жалпыға бірдей орта білім беруге көшу және бүкіл оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын жақсарту — халық ағарту органдарының ең басты міндеті

СОКП XIX съезінің директиваларында мынадай міндеттер қойылған: «Бесжылдықтың аяғында республикалардың астаналарында, республикаға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік және аса ірі өнеркәсіп орталықтарында жетіжылдық білім алудан жалпыға бірдей орта (он-жылдық) білім алуға көшу аяқталсын. Келесі бесжылдықта басқа қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім алуды толық жүзеге асыруға керекті жағдайлар әзірленсін».

Партияның XIX съезінің алға қойған бұл міндет тұрғысынан алғанда жетіжылдық білім беруді толық жүзеге асыру мәселесі ерекше маңыз алады.

Жалпыға бірдей орта білім алуды еңгізу үстіміздегі бесжылдықтың өзінде мұғалімдердің сапалық және сандық құрамын едәуір арттыруды, орта мектептерді мықтап көбейтуді, мектеп жасындағы балалардың оқуға толық қамтылуын және оқу-тәрбие жұмысының сапасын мықтап арттыруды талап етеді. Бесінші бесжылдықтың ақырына дейін облыстық және ірі өнеркәсіп орталықтарында жаңадай 100 мектеп ашуға тура келеді. 1950 жылғымен салыстырғанда 8—10 кластардың оқушыларының контингенті 46 мың адамнан артық көбейеді.

Жалпыға бірдей орта білім алуға көшу ең алдымен барлық қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық оқудың дәл және мүлтіксіз жүзеге асырылуын талап етеді. Алайда, бірқатар облыстар мен аудандарда партия, совет орындары, халық ағарту бөлімдері осы уақытқа дейін мектеп жасындағы балалардың бәрін мектепке тарту үшін напар күресіп келе жатқандығын, балалардың мектептен қол үзіп қалуына жол

(\*) Баяндама қысқартылған стенограмма бойынша жарияланып отыр.

бермеу жұмыстарын жүргізбейтінін атап айту керек.

Өткен оқу жылында республикада балалардың едәуір саны оқуға қамтылмай қалды. Әсіресе Қарағанды (облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Клевцур жолдас), Шығыс Қазақстан (облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Вилендин жолдас), Ақмола (облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Сафонов жолдас) және Қостанай (облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Березан жолдас) облыстарының мектептерінде балалардың мектепке тартылмауы, оқушылардың мектептен қол үзіп қалуы ерекше көп.

Аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің жол-беруін пайдаланып, кейбір халық ағарту бөлімдері мектептердің балаларды оқуға тартуы жөнінде көріне жалған мәліметтер береді. Мысалы, Қызылорда облысы, Қармақшы аудандық оқу бөлімі жалпыға бірдей оқу заңын толық жүзеге асырғандығы туралы хабарлады, бірақ бес мектепті ішінара тексергенде олардың 28 баланы оқуға қамтымағандығы анықталды. Осы облыстағы Жаңақорған аудандық оқу бөлімі мектеп жасындағы төрт-ақ бала мектепке оқымайды деп ақбар берген. Шыңдығында аудандағы 10 мектептің өзі ғана 45 баланы оқуға қамтымаған. Мұндай фактілер өте көп.

Қазақ қыздарын жалпыға бірдей оқуға қамтудың және оларды орта мектептерде оқытудың орасан зор саяси маңызы бар. Алайда, жетіжылдық және орта мектептердің жоғары кластарында оқытатын қазақ қыздарының саны жылдан жылға көбейіп келе жатқанына қарамастан, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республика Үкметінің қазақ қыздарын оқыту және тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарды жақсарту туралы тзлай рет қабылдаған қарарлары мен берген нұсқаулары көптеген об-

лыстар мен аудандарда қанағаттанғысыз орындалып келеді. Мысалы, Жамбыл облысында жоғары кластарда оқытатын қазақ қыздарының саны шұғыл азайып барады. Егер өткен жылы 1—4 кластарда 8.827 қазақ қызы оқыған болса, кезір 5—7 кластарда тек қана 4.682 қыз оқын жүр, 8—10 кластарда 691-ақ қыз қалған, ал 10 кластарда оқытатын 300 қазақ баласының ішінде 61 қыз ғана оқыды. Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында да жағдай осындай.

Бұл және басқа осындай фактілер республикада жалпыға бірдей оқуды жүзеге асыру ісі ойдағыдай емес екенін көрсетеді. Халық ағарту бөлімдерінің, сол сияқты партия және совет ұйымдарының кейбір басшылары түрлі сылтауларды бетке ұстап, өздеріндегі кемшіліктерді бүркеуге тырысады, мұның өзі олардың саяси жағынан жетілмегендігін көрсетеді. Республиканың елді пункттерінің ешқайсысында оқуға тартылмаған мектеп жасындағы бірде-бір бала қалмайтын болсын. Мектептерде оқудан қол үзіп қалудың бірде-бір жағдайына жол берілмесін.

Бүгіннен бастап мектептердің, аудандық, қалалық және облыстық халық ағарту бөлімдерінің жұмысына баға бергенде олардың жұмысын жақсы деп бағалауға негіз болатын басқа көрсеткіштермен бірге, міндетті шарт ретінде мектеп жасындағы балалардың толық қамтылуы және бүкіл оқу жылында балалардың оқудан қол үзіп қалуына жол бермеу ескерілетін болсын.

Жалпыға бірдей жетіжылдық білім алу заңын орындаудың шешуші шарттарының бірі мектеп жүйелерін дұрыс орналастыру, кластардың жете толықтырылуы, бюджеттік және қоғамдық интернаттардың жұмысын жақсарту болып табылады.

# Республикада халық ағарту ісінің жайы және оны партияның XIX съезінің директивалары негізінде жақсарту шаралары туралы

Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Ж. ШАЯХМЕТОВ жолдастың Қазақстан мұғалімдерінің съезінде жасаған баяндамасы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Балаларға коммунистік тәрбие беру мәселелері оқу процесін жолға қою ісімен тікелей байланысты. Біздің мектептеріміз, советтік мұғалімдер оқушыларға жоғары қоғамдық сананы егуде, Ұлы Отанымызға адал және шексіз берілгендікпен қызмет етуде, коммунизмнің жеңімпаз құрылысына қатысуға ұмтылу рухында тәрбиеленіп, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықтың батыл күрескерлері етіп өсіруде зор жұмыстар істеді.

Мектептердің жыйнақталған тәжірибесі мұнаны көрсетеді: оқушыларға коммунистік тәрбие беру міндеті ең алдымен оқу процесінде, ғылым негіздерін терең және берік меңгеру негізінде ғана ойдағыдай шешіледі. Советтік педагогиканың негізгі принципі оқытудың барлық мазмұны мен әдістерін оқушыларға коммунистік тәрбие берудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға бағыттап отыруды талап етеді.

Алдыңғы қатарлы мұғалімдердің жұмысындағы ерекшелік—олар әрбір сабаққа мұқият және тынақты әзірленеді, оқытуды жоғары идеялық-саяси дәрежеде жүргізеді, көрнекі оқу құралдарын барынша қолданады, оқушылардың жұмысын үнемі бақылап отырады, әрбір баланың дара өзгешеліктерін зерттеу негізінде олармен жеке-жеке жұмыс жүргізеді.

Біздің көптеген мұғалімдеріміз жұмысты мектеп оқушыларының өзіндік үлгі-меуіне жол бермейтін етіп ұйымдастыруды қамтамасыз етті. Олар оқушылардың осал және күшті жақтарын жақсы біледі, оқу материалдарын, әсіресе оқу программасының неғұрлым қиыны бөлімдерін өткен кезде олардың жете ұғынуы үшін талмай және қажырлы еңбек етеді. Мектеп оқушыларының сабақты толық үлгіріп, терең және берік білім алуын қамтамасыз еткен алдыңғы қатарлы мұғалімдердің жұмыстары сонымен бірге, мектеп директорлары мен меңгерушілері тарапынан бақылау және басшылық жұмыстарының жақсы жолға қойылғандығының нәтижесі болып табылады.

Совет мұғалімдері үш жылдан бері тілдерді оқытуды И. В. Сталиннің тіл білімі жөніндегі еңбектері негізінде жүргізіп келеді.

Алайда, көп мектептерде тілдерді оқыту жұмысын қайта құру қанағаттанғысыз жүргізілуде. Ана тілін оқытушылардың бірсыпырасы тіл жөніндегі сталиндік ережелердің терең маңнасын әлі жете ұқпап жөк және өздері үшін қажетті қорытын-

шараларды өз сөздерінде дұрыс қолдануға жаттықпайды, өздерінің сөздік қорын көбейте алмайды. Кітап оқуда және ауызша жауап беруде мұғалімдер оқушылардың қателерін түзетін отырмайды, өйткені оқушының дұрыс немесе бұрыс айтқандығын көрсету үшін мұндай педагогтердің өздерінің білімі жетіспейді. Мұғалімдер даярлығының жеткіліксіз болуы оқушылар білімінің қанағаттанғысыз болуына әкеліп соғады.

Қазақ мектептерінде орыс әдебиеті курсынның саяси және практикалық маңызы орасан зор. Бірқатар қазақ мектептерінде орыс әдебиетін оқыту нашар ұйымдастырылған. Оқулықпен жұмыс істеудің орнына үнемі жатқа жазғызып отыратын, «конспектілерді» жаттату әдісін қолданатын мұғалімдер оқушыларға көп зыянын тигізеді. 3 — 4 бетке сыятын мұндай «конспектілер» жазушының өмірбаянын да, шығармалардың мазмұнын да, оған жасалатын талдауды да қамтыйды. Оның үстіне, мұндай жазулар қателіктерге толы болады және мектептерде сауатсыздықты таратуға себепші болады. Кластан тыс оқуды дамытуға және оған басшылық етуге аз көңіл бөлінеді.

Мектептердің басшылары болсын, сол сыяқты халық ағарту бөлімдері мен мектеп инспекторлары болсын орыс тілі мен әдебиетін оқытуды мұндай елеулі кемшіліктерді елемей келе жатқанын атап айту керек.

Міндет қазақ мектептерінде орыс тілі мен әдебиетін оқытудағы елеулі кемшіліктерді неғұрлым тез жоюда, қазақ жастарын алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің ұлы қазынасына қамту жолындағы кедергілерді неғұрлым жоюда болып отыр.

Республиканың үкметі қазақ мектептерінің оқу жоспарында, бірінші кластан бастап енгізілген орыс тілін үйрену сағаттарының санын көбейтуге рұқсат етті. Оқу министрлігі мектептерді орыс тілінің жақсы даярлығы бар мұғалімдермен қамтамасыз ету және олардың білімін арттыру шараларын қолдануда. Алайда бұл шараларды жүзеге асыруда ойдағыдай қажырлылық және тиісті қаржы әзірге болмай келеді.

Жолдастар! Оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту туралы айтқанда, мектептерде математика, физика, химия, биология сыяқты пәндерді оқытудың жайына ерекше тоқтап өту қажет. Бұл пәндерді оқытуда белгілі табыстар бар екені күмәнісіз, бірақ мұндағы кемшіліктер әлі де өте көп.

Физика мен химияны оқыту дәрежесін

логияны оқытуды және мектеп жанындағы оқу-тәжірибе үздіктерінен жұмысты жақсарту шаралары туралы қаулысын жүзеге асыра отырып, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері мен халық ағарту органдары мектептерге оқу қажетіне жер үздіктерін бөліп беру, оларды қажетті тұқықпен, көшеттермен және тыңайтқыштармен қамтамасыз ету жұмысын жүргізді. Биологияны оқытудың теориялық дәрежесін оған сайын арттыру үшін күресе отырып, мұнымен бірге мектептер оқушыларды социалистік ауыл шаруашылығының озат тәжірибесімен таныстыру ісін едәуір жақсартуға, оларды ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша нақты біліммен қаруландыруға міндетті. Әлі де жер үздіктері жөк мектептерге мұндай үздіктерді шын мәнісіндегі оқу-тәжірибе лабораторияларына айналыру шараларын қолдану керек. Бұл үздіктерде егіннен мол өнім өсіру, өсімдіктердің жаңа сорттарын егін өсіру және басқа сондай тәжірибелер жасалуда тиіс.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Тарих пен конституцияны оқытудың жайы туралы» қаулысын және «Правда» газетінің «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаласын басшылыққа ала отырып, көп мектептер бұл пәндерді оқытудың идеялық-теориялық дәрежесін арттырды. Мұнымен бірге бірқатар мектептерде мұғалімдер фактілерді баяндаумен ғана қанағаттанбады, оқушыларды тарихи процестің байланысын және заңдылығын, ССРО-ның дүниежүзілік тарихтары жетекшілік ролін терең үйреніп білуге жеткілікті дағдыландырмайды. Әсіресе конституцияны оқытудың жолға қойылуы қанағаттанғысыз. Ал совет жастарына идеялық тәрбие беру ісінде конституцияны үйренудің ерекше зор маңызы бар. Бұл пәндер нақты, төңіректегі өмірге байланысты оқытылмайды. Тарих пен конституцияны оқытудағы бұл кемшіліктерді жою—мектептер мен оқу бөлімдерінің аса маңызды міндеті болып табылады.

Оқудың сапасын арттыру, мектептерге оқушылардың бір класта екінші жылға қалуына және оқуды үлгімеуіне жол бермеу Оқу министрлігінің, халық ағарту органдарының және мұғалімдердің ең бірінші міндеті болып табылады.

Мектеп оқушыларын оқытудың және тәрбиелеудің табысты болуы, ең алдымен педагогтар коллективіне байланысты. Бірақ мұғалім балалар коллективіне сү-

тінде басқа сондай фактілер әлі жойылмай келеді.

Педагог кадрлардың тұрақтамауына қарсы мейлінше батыл күрес жүргізіп, мұғалімдерді, мектептердің басшы қызметкерлерін оқу жылы ішінде, ерекше қажет болмаған реттерде, ауыстырудың қандай-дына болса да тыйым салу керек. Партия органдары кімнің болса да мұғалімге озбырлық жасау әрекетінің қандай-дына болса да қатты тыюға тиіс.

Халық ағарту органдары мұғалімдердің оқуын жолға қойып, педагог кадрларының мамандығын арттырудың біртұтас системасын нығайтып, жетілдіре беруге

## III. Мектептердің оқу-материалдық базасын нығайту мәселелері

Мектептердің оқу-материалдық базасы жылдан жылға нығайуда. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советінің қаулысы бойынша, Оқу-педагогика баспасы жаңа оқу жылына дейін жалпы тиражы 3.197 мың дана 100 түрлі оқулық бастырып шығаруға тиіс.

Көздің өзінде 84 оқулық студия ұйымдарына тапсырылды. Өткен жылдарда шығарылған 1,5 миллион дана оқулық сатып алу жоспарланды. 5 миллион дана орыс тіліндегі оқулықтар алдырылады. Сонымен кітап рәнаогіне 10 миллион данадай оқулық сатуға түсіріледі.

Алайда, Қазақстанның кітап саудасы ұйымы мен Қазақстанның тұтынушылар одағы, сол сыяқты халық ағарту органдары оқулықтарды мектептерге мезгілінде жеткізу міндетін нашар атқарып отыр. Сондықтан да, өткен оқу жылының біс кезінде кітап саудасы ұйымдарының қоймаларында біржарым миллион дана дерлік оқулықтар бола тұрса да, оқушылары оқулықсыз қалған мектептер бізде аз емес.

Бұл кемшіліктерді жойып, оқу басталаар кезде әрбір оқушыны толық комплектті оқулықтармен қамтамасыз ету үшін бұл кемшілікті зор істегі жауапсыздықты, шабандықты және икемсіздікті жою керек.

Кітап саудасы ұйымдарының басшылары мен барлық қызметкерлері оқулықтарды сату мәселелерін коммерциялық іс деп қарамай, мемлекеттік және саяси зор маңызы бар іс деп қарауы керек.

КП(б) Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі қарарларына байланысты Қазақстан КП Орталық Комитеті 1947 жылы 21 январьдың өзінде республика Оқу министрлігі оқушы жас-тарға идеялық тәрбие беру мәселелерін

тінде, мұғалімдерге, әсіресе шалғай мектептердің мұғалімдеріне методикалық көмекті мықтап күшейту керек. Мұның үшін мұғалімдердің білімін арттыру институттарының, методикалық кабинеттер мен бірлестіктердің жұмыс дәрежесін арттырып, және педагогтерге көмектесу үшін қарт мұғалімдердің тәжірибесін кеңінен пайдалану керек. Мұғалімдердің мәдени өрісін кеңейтуге қажырлық жасап, советтік ғылымның, техниканың, әдебиеттің және өнердің ең жаңа табыстарымен танысу ісінде оларға көмектесіп отыру керек.

Жер-жерде көп уақытта мектептің мұ-

бейқам қарағанын, орта мектептерге арналған қазақ әдебиетінің оқулықтары мен программаларындағы өрескел саяси қателерді көрмегенін атап көрсетті.

«Правданың» 1950 жылғы 26 декабрьдегі «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаласы мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1951 жылғы 10 январьдегі бұл мәселе жөніндегі қаулысынан кейін де Оқу министрлігінің басшылары қазақ әдебиеті мен тілінің оқулықтарын бастыруға байланысты өздерінің қателерін түзетуге кіріспеді. Бұл оқулықтарда елеулі ұлтшылдық бұрмалаушылықтар болды.

Оқулықтар шығару жұмысының жайы мұндай қанағаттанғысыз болуына байланысты Қазақстан КП Орталық Комитеті өзінің арнаулы қаулысында Оқу министрі Сембаев жолдастың бұл аса маңызды мемлекеттік істен бойын аулақ салғанын, бастыруға ұйғарылған оқулықтарды талқылап бекітетін оқу-методика советі мен министрліктің коллегиясына қанағаттанғысыз басшылық етіп отырғанын көрсетті.

Орталық Комитет Оқу министрі Сембаев жолдама оқулықтарды бекіту тәртібін бұзатынын оқулықтарда қателердің қайталауына мүлдем мүмкіншілік қалдырмайтындай етіп белгілеуді ұсынды.

Мектептерді жақсы сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесін әлі күнге шешілді деп есептеуге болмайтынын айту қажет. 10 класқа арналған қазақ әдебиетінің оқулығы өндіріске тапсырылған жоқ, бұған Оқу министрлігі айыпты. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілінің грамматика оқулығы да бұған дейін редакциядан өткізілген жоқ. Қазақ мектептерінің 8—10 кластарына арналған орыс

десі ескерілмейді, мұғалімдерді, мектеп директорларын совет немесе партия жұмысына ауыстырады, кәдіе олардың орнына адам табылмайтынын есепке алмайды. Математика, физика, орыс тілі және басқа пәндердің мұғалімдері жөнінде де іетін жайы осындай, ал мектептерде бұл пәндер бойынша мамандар жетіспейтіні белгілі. Облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері мұндай практикадан бастартып, халық ағарту органдарына тәжірибелі педагогтер тәрбиелен өсіру және оларды мектепке тұрақтатып қалдыруға мүмкіншілік беруге тиіс.

гі қазақ мектептеріне керекті оқулықтар бастыру ісіне басшылықты анағұрлым жақсартуға тиіс.

Соңғы үш жылдың ішінде мектептер үшін барлығы 5.300 мың сомдық оқу-көрнекі құралдары сатып алынды. Солай бола тұрса да, оқу кабинеттерінің жабдықталуы мектептің қажетін өтерліктей емес.

Мектептер мен мұғалімдерді тек әзір тұрған көрнекі құралдарды алып, сонымен қанағаттануға бағыттау дұрыс болмас еді. Биология, физика пәндері бойынша қолдан жасалған көрнекі құралдардың өткізілген көрмелері мұғалімдердің мектеп оқушыларын көрнекі құралдар жасауға шеберлікпен ұйымдастыра отырып, қандай көп жұмыс істей алатынын көрсетті.

Мектеп кітапханаларын кітаптармен толықтыруға жыл сайын көп қаржы беріледі. Солай бола тұрса да, республикада мектеп кітапханаларының жайы өте нашар. 4.000-дей мектепте кітапхана мүлде жоқ. 1.300 мектептің кітапханаларында кітаптардың саны әр қайсысына 50 кітаптан кем келеді, 970 мектеп кітапханасында, әрқайсысында 50 кітаптан 100 кітапқа дейін бар.

Одақтық үкмет республикамыздың халық ағарту қажетіне орасан көп қаржы беріп отырады. Бірақ бұл қаржы кей кездерде дұрыс және толық пайдаланылмайды. Мысалы, 1952 жылы халық ағарту ісіне берілген қаржыдан Оқу министрлігі 43 миллион сомнан астам қаржыны, оның ішінде облыстардың жергілікті бюджеті бойынша 41 миллион сом қаржыны пайдаланбады.

Бұған негізінде Оқу министрлігінің, көптеген халық ағарту орындарының жұмысты нашар істеуі және республиканың финанс органдарының қаржыны мезгілін-

оған әрі арттыру міндеті оқушылардың теориялық білімдерді меңгере отырып, оларды күнбе-күнгі тұрмыста қолдану білетін болуын талап етеді. Төңіректегі өмірдің физикалық және химиялық құбылыстарын түсіндіруге, сол сыяқты мектеп программаларына енгізілген көлемде осы күнгі техниканың табыстарымен таныстыруға анағұрлым көп көңіл бөлу қажет. Программа бойынша белгіленген практикалық және лабораториялық жұмыстар минимумының орындалуын қамтамасыз ету керек, оқушыларды физиканың және химияның тұрмыста қолданылуымен таныстырып, заводтарға, электр станцияларына, МТС-терге және басқа сондай орындарға оқу экскурсияларын жасауды кеңінен ұйымдастыру қажет.

Мектептер биологияны оқытуды озат мұқабалық биология ғылымы негізінде қайта құруға кіріскеннен бері төрт жыл уақыт өтті. Алайда, биологияны оқытудың жолға қойылуында табыстар бола тұрса да, бірсыпыра мектептерде табиғатты схоластикалық жолмен, кітап сөздері бойынша зерттеу әлі де орын алып келеді.

Биологияны үйренуді енциклопедия аумағындағы практикасынан бөлектеу, оқушылардың мектеп жанындағы оқу-тәжірибе учасқтарындағы жұмысының маңызын жете бағалауға көп мектептердің жұмысындағы негізгі кемшіліктердің бірі болып табылады.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1952 жылғы 14 марттағы «Мектептерде био-

онан әрі арттыру міндеті оқушылардың теориялық білімдерді меңгере отырып, оларды күнбе-күнгі тұрмыста қолдану білетін болуын талап етеді. Төңіректегі өмірдің физикалық және химиялық құбылыстарын түсіндіруге, сол сыяқты мектеп программаларына енгізілген көлемде осы күнгі техниканың табыстарымен таныстыруға анағұрлым көп көңіл бөлу қажет. Программа бойынша белгіленген практикалық және лабораториялық жұмыстар минимумының орындалуын қамтамасыз ету керек, оқушыларды физиканың және химияның тұрмыста қолданылуымен таныстырып, заводтарға, электр станцияларына, МТС-терге және басқа сондай орындарға оқу экскурсияларын жасауды кеңінен ұйымдастыру қажет.

Мектептер биологияны оқытуды озат мұқабалық биология ғылымы негізінде қайта құруға кіріскеннен бері төрт жыл уақыт өтті. Алайда, биологияны оқытудың жолға қойылуында табыстар бола тұрса да, бірсыпыра мектептерде табиғатты схоластикалық жолмен, кітап сөздері бойынша зерттеу әлі де орын алып келеді.

Биологияны үйренуді енциклопедия аумағындағы практикасынан бөлектеу, оқушылардың мектеп жанындағы оқу-тәжірибе учасқтарындағы жұмысының маңызын жете бағалауға көп мектептердің жұмысындағы негізгі кемшіліктердің бірі болып табылады.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1952 жылғы 14 марттағы «Мектептерде био-

## II. Педагог кадрлары

Коммунистік партия мен Совет үкметі кадрларға, оларды тәрбиелеуге және өсіруге әр дайым зор маңыз беріп келді және беруде. Кадрларға, әсіресе жасөспірім ұрпақты тәрбиелеу ісі сөйсіп талсырылған педагог кадрларға бұл қамқорлықты біз республикамызда мұғалімдердің санының көбеюінен, олардың мамандығының артуынан көріп отырмыз.

Қазіргі уақытта республикада 59.763 мұғалім, оның ішінде 22.762 қазақ мұғалімі (булардың қатарында 7.235 қазақ әйелдері) бар. Жоғары білімі бар мұғалімдер—6.965, мұғалімдер институтын бітіргендер—13.281, орта педагогтік білімі бар мұғалімдер—35.156 және толық орта білімі бар мұғалімдер—4.361 адам.

Мұндай орасан көп мұғалімдерміз болып тұрса да, бізде әлі де, әсіресе 5—10 кластар үшін физика, математика, 5—7 кластар үшін қазақ тілі және әдебиет, 5—7 кластар үшін орыс тілі және әдебиет, 5—7 кластар үшін жаратылыстану, география сыяқты пәндерден 16.533 оқытушы жетіспейді. Жетіжылдық білім алудан

жалпыға бірдей орта білім алуға көшу міндеттері тұрғысынан қарағанда, мұғалімдер даярлау және қайта даярлау мәселесінің маңызы ерекше күшейе түседі.

Қазіргі уақытта мұғалімдер 25 педагогика училищесінде, 8 педагогикалық және 5 мұғалімдік институттарында даярланады. Өткен жылдан бастап педагогикалық жоғары оқу орындары орыс тілі, математика және физика факультеттеріне оқытушылар алады мықтап көбейтті. Мұның өзі тәуелсіз жылдарда осы пәндер бойынша қажетті мөлшерде мұғалімдер даярлауды көздейді. Алматының педагогикалық әйелдер және Ақтөбенің мұғалімдік әйелдер институттарында көптөген қазақ әйелдері— мұғалімдер даярланды.

Қазіргі уақытта педагогикалық оқу орындарында оқытудың сапасын арттыру, бұл оқу орындарындағы басшы және оқытушы қызметкерлер құрамын нығайту міндетінің ерекше маңызы бар.

Мұғалім моральдық және саяси жағынан тұрақты болуы керек, өзі өзінің идеялық-саяси және жалпы білім дәрежесін

өзінің өзінің жұмысының нәтижесі зор болмайды.

Балалар коллективі — ең алдымен комсомол және пионер ұйымдары. Комсомол және пионер ұйымдарының жұмысы— мектептің, балаларға коммунистік тәрбие беру жұмысының бөлінбейтін бір саласы деп танылауға тиіс.

Сонымен бірге мектептердің комсомол және пионер ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктер орын алып келеді. Бірқатар мектептерде сабаққа үлгімейтін оқушылардың ішінде комсомолецтер мен пионерлер көп. Көптеген пионер дружиналарының жұмысы қызғылықсыз, мазмұнсыз жүргізіледі. Комсомол және пионер ұйымдарына тиісті педагогикалық басшылық етілмеуі сыяқты фактілер аз емес. Әрбір мұғалімдер коллективінің борышы— мектептің комсомол және пионер ұйымдарына олардың оқушыларға тәрбиелік ықпалының артуына күнделікті көмек көрсету.

Халық ағарту органдары мен комсомол комитеттері мұғалімдер мен мектептің комсомол ұйымдарының бірлесіп жұмыс істеуі мәселелеріне көп көңіл бөліп, бұл жұмыстың жайын жер-жердің өзінде үнемі тексеріп отыруға тиіс.

Оқушыларды тәрбиелеудің идеялық-саяси дәрежесін арттыру— мектептің саяси бағытымен оған сайын нығайту, балалардың семьядағы тәрбиесін дұрыс ұйымдастырып жүзеге асыру ісіне ата-аналардың көмегін күшейтуді керек етеді.

үнемі арттырып отыруға тиіс, өз ісін, балаларды сүйетін болуы керек, біздің партиямыздың жалынды үгітшісі және часихатшысы болуы керек.

Амал не, моральдық және саяси жағынан тұрақсыз, тұрмыста азғындаған, феодалдық-байшылық сарқыншақтардан арылмаған мұғалімдер бізде әлі де бар. Өздерінің саяси және жалпы білім дәрежесін арттырмайтын, қоғамдық жұмыс жүргізбейтін мұғалімдер де бар. Партия ұйымдары мұғалімдер арасындағы саяси жұмысты жолға қою ісімен нығанды шұғылданауға тиіс.

Коммунистік партия, Совет үкметі, халқымыз мұғалімнің еңбегін жоғары бағалайды. Сондықтан мұғалімге көңіл бөлейтін, бюрократтық көзбен қарайтын әрбір фактіні айыптап отыру керек. Ал, мұндай фактілер кей жерлерде әлі күнге байқалады. Мұғалімдерді жиі ауыстыру, жұмыстан дәлелсіз болату әлі де болып отыр. Селолық жерлерде жұмыс істейтін мұғалімдердің правеларын бұзу фактілері пәтермен, отынмен қамтамасыз етпеу жа-

## IV. Халық ағарту ісіне басшылықтың стилі мен әдістері жетілдірілсін

Мектептерге, халық ағарту бөлімдеріне басшылықты оған әрі жақсарту, ең алдымен, басшы және мұғалім кадрларды дұрыс іріктеп алу, орналастыру және дұрыс тәрбиелеуді талап етеді.

Кадрларды іріктеу және саяси қасиеттеріне қарай іріктеуді көздейтін, сыннан өткен партиялық принцип Оқу министрлігінің системасында кей жерлерде бұзылып отырады. Мұның салдарынан кейбір мектептерде, балалар үйлерінде және басқа оқу орындарында жұмысты нашарлату фактілері болып келеді. Мұндайға көп уақытта, жұмысты нашарлатқан қызметкерді басқа сондай жұмысқа көшіре салады, кейде тіпті жоғарылатып қояды.

Мұндай сынды практиканың қолданылуына партияның облыстық, қалалық және аудандық комитеттері айыпты екені даусыз. Сонымен бірге, бұл істе республиканың Оқу министрлігі мен оның жергілікті органдары да сондай айыпты.

Халық ағарту бөлімінің басшысы мұғалім кадрларды біліп, зерттеп, олардың ардақты еңбегіне, өсуіне үнемі көмектесіп отыруға, өзіне де, сол сыяқты мұғалімдерге де қатаң талаптар қоюға тиіс. Аудандық халық ағарту бөлімі — халық ағарту ісіне басшылықтың жалпы системасындағы негізгі буыны, сондықтан мектептердегі бүкіл оқу-тәрбие жұмысының саяси болуы оның жұмысының жолға қойылуына байланысты.

Көптеген облыстық оқу бөлімдері мен аудан-қалалық оқу бөлімдерінің жұмыс практикасында мектептерді тексеру жұмысы төмен дәрежеде жүргізіледі, мектептердің жұмысын жақсартуға көмектеспейді. Мектептерді тексергенде мұғалімдер жұмысының пайдалы тәжірибесі ашылып, қорытылмайды, жұмыста көп кездесетін кемшіліктер көрсетілмейді, бұл кемшіліктердің себептері зерттелмейді, жеке пәндерді оқытудың жайы, оқушылардың білім дәрежесі терең тексерілмейді.

Соңғы кезде мектептердің көптеген тәжірибелі басшылары өзі жетілді. Мұндай басшылар республиканың барлық облыстарында бар. Алайда, мектептердің көбінде мектеп ішінде педагогикалық бақылау— мектепке басшылық системасындағы үлкен оқылық болып келеді.

Кейбір мектептердің директорлары мұғалімдердің мамандығын арттыруға қам-

қорлық жасамайды, оқушылардың оқуды нашар үлгіруін жою шараларын қолдабайды, пионер және комсомол ұйымдарының жұмысын жақсартуға көмектеспейді. Таңдаулы мұғалімдердің тәжірибесін үйреніп, тарату ісінің нашар жолға қойылуы мектеп ісіндегі педагогикалық бақылауды ұйымдастырудағы зор кемшілік болып келеді.

Партияның XIX съезінде совет мектебінің алдына қойылған зор және жауапты міндеттерді жүзеге асыру халық ағарту органдарынан және мектеп директорларынан мектепке, мұғалімдерге басшылықты батыл жақсартуды талап етеді.

Партияның XIX съезінде партия және совет қызметкерлері арасында жұмыстың белгілі бір саласына орташа көрсеткіштер негізінде баға беріп, жұмысқа осы тұрғыдан басшылық етуге тырысатын адамдар әлі де аз емес екені айтылды. Бұл ескертулер халық ағарту органдарының көптеген басшыларына да толық жатады. Олар мектептердегі оқуды үлгірудің орташа көрсеткіштерін маңданып, орташа проценттердің тасасында қалған әрбір мектептегі істің жайын көрмейді.

Халық ағарту органдары мен мекемелерінде сын мен өзара сынның көп уақытта құрметтелмейтінін атап айту қажет. Сынағаны үшін қудалау, енjarлық жағдайдың тууы себепті мәселелерді шешуге сын көзімен, принципшілдікпен қарамау

фактілері болуы салдарынан кейбір жерде тоқыраушылық атмосферасы орын тепкені белгілі.

Халық ағарту орындарының аппараттары сын және өзара сын құралын нағыз партиялық тұрғыдан пайдалануды үйренгенге дейін бұл аппараттардың жұмысын негізінен жақсарту мүмкін емес. Қазіргі уақытта төменнен көтерілген сын мен өзара сынның өрістетілуін қамтамасыз етіп, партияның қас жауларына қарсы, кемшіліктерімізді ашатын сынды өрістетуге бөгет жасайтын, сынды тұншықтыратын, сынаушылардың қудалауға ұшыратылуына жол беретін адамдарға қарсы рақымсыз күрес жүргізудің ерекше маңызы бар.

Партияның XIX съезі халық ағарту органдары мен мұғалімдер алдына зор міндеттер қойды. Партия және совет ұйымдарының күнбе күнгі көмегіне сүйене отырып, халық ағарту майданының барлық қызметкерлері бұл міндеттерді орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуге тиіс. Біздің мұғалімдерімізге ең жауапты, ең қиын, бірақ, мұнымен бірге ең ардақты міндет — жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру міндеті жүктелген. Қазақстан мұғалімдерінің санмыңдық армиясы халқымыздың, даңқты Коммунистік партиямыздың оған көрсеткен орасан зор сенімін аброймен ақтайды. (Ұзақ қолшапалақтау).

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕЗГІДЕ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРА

«ДАНҚ ҮНІ»

Сеанс сағат 3-те басталады.

Петропавл қаласы, Батырақ, көшесі 2-үйде тұрушы Мария Тимофеевич Кузьмина Краснояр өлкесі, Шарыпов ауданы, Шарыпово селосы, Ленин көшесі, 18-үйде тұрушы Василий Васильевич Кузьминнен айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.